

ТАС КІТАП  
(Академик Ә. Марғұлан)

Ойшыл көзді ол үшін  
Өткен күндер - бүгінгі.  
Тигізсе тек қол үшін  
- Тыныс алып, тірілді!  
Көне күндер сынығын,  
Құрастырса қайтадан  
Көре алады тұнығын,  
Тілсіз тас та айтады ән.  
Оған бәрі орнында:  
Жылдар әлі көмбеген  
Ошақтардың қойнында  
Оттар әлі сөнбеген.  
Қылыш жүзді қиянат,  
Хан тағында құтырған:  
Сәуле түспей сығалап,  
Қыпшақ күні тұтылған.  
Сойдақтаған қан жоса,  
Сортаң жастық сорабы.  
Шарлап қырды, тауды аса,  
Шақырғандай болады,  
Қызыл көзді қырсық хан,  
Шыңғыс салды шулыған  
Бағы жанбай қырсыққан,  
Отырарды буды маң.  
Өтті, ұмыттық түр-түсін  
Уақыт - тарлан тұра ма!  
Парақтап жер қыртысын  
Сыр тартады ғұлама.  
“Қара таудың басынан Көш келеді” шұбаған.  
Алқакөлге асыға Көшке ереді ғұламаң...  
Көне күндер сынығын  
Құрастырса қайтадан  
Көре алады тұнығын 1  
Тілсіз тас та айтады ән.  
Жұлдызына жаңаның  
Жаны құмар жан екен!  
- Тас кітаптың парағын  
Аударды Әлекең.